

"Петропавл қаласында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялау туралы" Петропавл қаласы әкімінің 2017 жылғы 25 сәуірдегі № 19 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімінің 2017 жылғы 12 шілдедегі № 26 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 24 шілдеде № 4270 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 46 бабы 2 тармағының 4) тармақшасына сәйкес Петропавл қаласының әкімі **ШЕШТІ:**

1. "Петропавл қаласында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялау туралы" Петропавл қаласы әкімінің 2017 жылғы 25 сәуірдегі № 19 шешімінің (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2017 жылғы 26 сәуірдегі № 4163 тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық банкінде 2017 жылғы 27 сәуірде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау осы саланы басқаратын қала әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы шешім оны алғашқы ресми жариялаған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі

Қала әкімі

М. Тасмағанбетов